

Күршім ауданы Күршім ауылдық округі бойынша 2026-2030 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарды бекіту туралы

Шығыс Қазақстан облысы Күршім аудандық мәслихатының 2026 жылғы 18 маусымдағы № 54/7-VIII шешімі

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Жайылымдар туралы" Заңының 8-бабының 1)-тармақшасына, 13-бабына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 173 "Жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 29 сәуірдегі № 145 "Ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2024 жылғы 29 шілдедегі № 263 "Жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі үлгілік жоспарды бекіту туралы" бұйрығына сәйкес, Күршім аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Күршім ауданы Күршім ауылдық округі бойынша 2026-2030 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар бекітілсін.

2. Күршім аудандық мәслихатының 2023 жылғы 26 желтоқсандағы № 14/10-VIII "Күршім ауылдық округі бойынша жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2023-2024 жылдарға арналған жоспарын бекіту туралы" шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Күршім аудандық мәслихатының 2021 жылғы 27 желтоқсандағы № 14/10-VII "Күршім ауылдық округі бойынша жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2021-2022 жылдарға арналған жоспарын бекіту туралы" шешімінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Күршім аудандық мәслихатының төрағасы

К. Бахтияров

Күршім аудандық
мәслихатының

2026 жылғы 18 маусымдағы

№ 54/7-VIII шешіміне

1-қосымша

Күршім ауданы Күршім ауылдық округі бойынша 2026-2030 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар

1. Осы Күршім ауданы Күршім ауылдық округі бойынша 2026-2030 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар (бұдан әрі-Жоспар) Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Жайылымдар туралы" Заңының 8-бабының 1) тармақшасына, 13-бабына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 173 "Жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 29 сәуірдегі № 145 "Ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2024 жылғы 29 шілдедегі № 263 "Жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі үлгілік жоспарды бекіту туралы" бұйрығына сәйкес әзірленді.

2. Жоспар жайылымдарды ұтымды пайдалану, азыққа деген қажеттілікті орнықты қамтамасыз ету және жайылымдардың тозу процестерін болдырмау мақсатында қабылданады.

3. Жоспарды әзірлеген кезде мыналар ескеріледі:

1) осы Жоспарға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ауданның жер балансының және мемлекеттік жер кадастрының ақпараттық жүйесінің деректері;

2) осы Жоспарға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жайылымдарды геоботаникалық зерттеп-қарау мәліметтері;

3) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 3 ақпандағы № 35 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19987 болып тіркелген) бекітілген Мал қорымдарының (биотермиялық шұңқырлардың) тізілімін жүргізу қағидаларына сәйкес қалыптастырылатын мал қорымдары (биометриялық шұңқырлар) туралы мәліметтер;

4) осы Жоспарға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жайылымдық инфрақұрылым объектілері туралы және ауыл шаруашылығы жануарларын айдап өтуге арналған сервитуттар туралы мәліметтер;

5) осы Жоспарға 4-қосымшаның 1-кестесіне сәйкес нысан бойынша ауыл шаруашылығы жануарларының иелерін көрсете отырып, оларды сәйкестендіру дерекқорынан алынған ауыл шаруашылығы жануарлары басының саны туралы деректер;

6) осы Жоспарға 4-қосымшаның 2-кестесіне сәйкес нысан бойынша ауыл шаруашылығы жануарларының түрлері мен жыныстық жас топтары бойынша қалыптастырылған үйірлердің, отарлардың, табындардың саны туралы деректер;

7) осы Жоспарға 4-қосымшаның 3-кестесіне сәйкес нысан бойынша шалғайдағы жайылымдарда жаю үшін ауыл шаруашылығы жануарлары басының саны туралы мәліметтер;

8) екпе және аридтік жайылымдарда, орман, су қорлары мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлерінде ауыл шаруашылығы жануарларын жаю ерекшеліктері туралы деректер (Күршім ауданы Күршім ауылдық округі бойынша екпе және аридті жайылымдардың болмауына, сондай-ақ орман, су қорлары жерлерінде және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда мал жаюдың болмауына байланысты жоқ);

9) осы Жоспарға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынылатын жайылым айналымдарының схемалары;

10) мал шаруашылығы және өсімдік шаруашылығы статистикасы бойынша ресми статистикалық ақпарат (мал шаруашылығы статистикасы бойынша ресми статистикалық ақпарат Шығыс Қазақстан облысының ветеринария басқармасының "Күршім-Вет" ШЖҚ КМК тарапынан ұсынылған және 1-қосымшада 3-кесте, 4-қосымшада 1-кесте, 2-кесте, 3-кесте қамтылған. Өсімдік шаруашылығы статистикасы бойынша ресми статистикалық ақпарат Шығыс Қазақстан облысы бойынша "Жерлерге зерттеп-қарау жұмыстарын жүргізу мемлекеттік институты" ШЖҚ КМК филиалы тарапынан ұсынылған және 2-қосымшада қамтылған).

4. Жоспарда мынадай қосымшалар қамтылған:

1) Күршім ауданы Күршім ауылдық округі аумағында жайылымдардың жер санаттары бөлінісінде орналасу схемасы (картасы), онда жайылымдардың шекаралары, алаңдары мен түрлері, оның ішінде шалғайдағы, маусымдық, құрғақ және екпе жайылымдар, (Күршім ауданы Күршім ауылдық округі бойынша шалғайдағы, маусымдық, аридті және екпе жайылымдар жоқ), жер учаскесіне құқық белгілейтін және сәйкестендіру құжаттарының негізінде олардың меншік иелері немесе жер пайдаланушылар туралы мәліметтер көрсетіледі;

2) жеке ауладағы ауыл шаруашылығы жануарларын жаю бойынша халықтың мұқтаждығына арналған жайылымдар, оның ішінде қоғамдық жайылымдар белгіленген схема (карта), онда жеке ауладағы ауыл шаруашылығы жануарларын жаю бойынша халықтың мұқтаждығына арналған жайылымдардың, оның ішінде қоғамдық жайылымдардың шекаралары мен алаңдары көрсетіледі;

3) ұсынылатын жайылым айналымдарының схемалары көрсетілген схема (карта), онда жайылымдарды геоботаникалық зерттеп-қарау негізінде ұсынылатын жайылым айналымдарының схемалары көрсетіледі;

4) ауыл шаруашылығы жануарларын айдауға арналған сервитуттар, мал айдайтын трассалар және жайылымдық инфрақұрылымның өзге де объектілері, сондай-ақ мал қорымдары (биометриялық шұңқырлар) белгіленетін схема (карта), онда ауыл

шаруашылығы жануарларын айдауға арналған сервитуттар, мал айдайтын трассалар, жайылымдық инфрақұрылым объектілері, мал қорымдарының (биометриялық шұңқырлардың) орналасқан жері көрсетіледі;

5) жайылымды пайдаланушыларға жер пайдалануға берілуі мүмкін жайылымдар белгіленген схема (карта);

6) суды тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, қазандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахта құдықтарына) қол жеткізу схемасы, онда жануарлардың су көздеріне қарай жүріп-тұру маршруттары көрсетіледі;

7) ауыл шаруашылығы жануарларының басын шалғайдағы жайылымдарға орналастыру схемасы, онда ауыл шаруашылығы жануарларының басын орналастыруға арналған шалғайдағы жайылымдардың шекаралары мен алаңдары көрсетіледі;

8) ауылдық округке кіретін ауылдық елді мекендер арасында жайылымдарды жобалық бөлу (қайта бөлу), онда жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының басы үшін ауылдық округтің ауылдық елді мекендері арасында жайылымдарды бөлу (қайта бөлу) схемасы көрсетіледі (ауылдық елді мекендерде жайылымдардың жетіспеуіне байланысты жайылымдарды қайта бөлу жүргізілмейді);

9) Күршім ауданы Күршім ауылдық округі аумағында жайылымдарды ұтымды пайдалану үшін қажетті талаптар:

"Жайылымдардың жалпы алаңына түсетін жүктеменің шекті рұқсат етілетін нормасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 3-3/332 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11064 болып тіркелген) сәйкес жайылымдардың жалпы алаңына түсетін жүктеменің шекті рұқсат етілетін нормасын сақтау;

жайылым айналымын және суды пайдалану көздерін ескере отырып жайылымдарды пайдалану;

жайылым алаңдарын жекеленген өріс учаскелеріне бөлу;

жайылым учаскелерін жыл маусымдары бойынша кеңістікте және уақытпен (маусым, жыл ішінде) кезектестіру;

жайылым айналымы учаскелерінің бірін жайылымсыз және ауыл шаруашылығы жануарларынсыз жыл сайын қалдыру.

Күршім ауданы
Күршім ауылдық округі
бойынша
2026-2030 жылдарға арналған
жайылымдарды басқару және
оларды
пайдалану жөніндегі Жоспарға
1-қосымша

Халықтың ауыл шаруашылығы жануарларын жаюға арналған қоғамдық жайылымдар

Ауылдық округтің атауы	Елді-мекен жайылымының ауданы, га	Қосымша босалқы жерден табысталған жайылымдар, га	Жоспарға сәйкес халықтың қажеттіліктері үшін бөлінген жайылымдардың жалпы көлемі, га
Күршім	3523	21546,3	25069,3
Барлығы:	3523	21546,3	25069,3

Күршім ауданы Күршім ауылдық округі жер балансының және мемлекеттік жер кадастрының ақпараттық жүйесінің деректері

№ 1-кесте. Күршім ауданы Күршім ауылдық округі жайылымдарын жерлердің санаттары бойынша бөлу, гектар

Ауылдық округтердің атауы	Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішінің коды	Жерлер санаттары							
		ауыл шаруашылығы мақсатындағы	елді мекендердің	өнеркәсіп, көлік және өзге де ауыл шаруашылығы мақсатындағы емес	ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың	орман қорының	су қорының	босалқы жер	Жерлер жиыны
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Күршім ауылдық округі	635230000	99155	1033	2902	0	3972	180	292	107534

Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы Күршім ауылдық округі Күршім ауданының батыс бөлігінде орналасқан. Күршім ауылдық округінің жерлері Негізгі және Жолақаралық учаскелерден тұрады, кадастрлық кварталдар: 05-072-004, 05-072-027.

Әкімшілік орталығы - Күршім ауылы.

Күршім ауылдық округінің жерлері оңтүстік-батысы мен батысында мемлекеттік орман қоры жерлерімен, солтүстік - батысында Бұқтырма су қоймасымен, шығысында - Құйған ауылдық округінің жерлерімен, оңтүстігінде -Сарыөлең ауылдық округінің жерлерімен шектеседі.

Зерттелген аумақта Негізгі учаскенің жалпы ауданы 87769 га, оның ішінде ауыл шаруашылығы алқаптары - 79456 га, өзге жерлер - 8379 га. Ауыл шаруашылығы алқаптары: жайылымдар - 52154 га, шабындықтар - 3430 га, егістік - 23709 га, бақтар - 97 га. Басқа жерлер құрамына: бұталы алқаптар - 1613 га, ағаш-бұталы алқаптар - 2359 га, қамысты батпақтар - 180 га, жалаңаш жыныс шығулары - 2902 га, елді мекендер - 1033 га кіреді.

Жалпы зерттеу аумағы 107534 га, оның ішінде ауыл шаруашылығы алқаптары 99155 га, басқа жерлер - 8379 га.

Жер санаттары бойынша келесідей бөлінеді:

ауыл шаруашылығы алқаптары жайылымдар - 71919 га, шабындықтар - 3430 га, егістік - 23709 га, бақтар - 97 га. Басқа жерлер: бұталы алқаптар - 1613 га, ағаш-бұталы алқаптар - 2359 га, қамысты батпақтар - 180 га, жалаңаш жыныс шығулары - 2902 га, елді мекендер - 1033 га.

Әкімшілік-аумақтық бөлініс бойынша Күршім ауданы Күршім ауылдық округінде 3 елді мекен бар.

Жайылымдардың негізгі пайдаланушылары – ШҚО Күршім ауданының Күршім ауылдық округінің тұрғындары: Күршім ауылы (аудан орталығы), Алғабас ауылы, Топтерек ауылы.

Күршім ауылы облыс орталығы Өскемен қаласынан 210 км қашықтықта орналасқан

№ 2-кесте. Елді мекеннің жайылымдарын бөлу, гектар

Р/с №	Ауылдық округтің атауы	Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішінің коды	Ауылдық округтің атауы	Жайылымдардың жалпы алаңы, гектар	Жайылымдардың алаңдары мен түрлері					
					жеке ауладағы ауыл шаруашылығы жануарларын жаяу бойынша халық мұқтажын қанағаттандыруға арналған, гектар	көпшілік пайдаланатын, гектар	шалғайдағы, гектар	маусымдық, гектар	аридтық, гектар	екпелі жайылымдар, гектар
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
1	Курчум ауылдық округі	635230000	Курчум ауылы	71919	1665,3	-	1555	66840	-	-
2		635230200	Топтерек ауылы		1220,4					
3		635230400	Алғабас ауылы		638,0					
Барлығы:				71919	3523,7	-	1555	66840	-	-

ШҚО Күршім ауданы Күршім ауылдық округінің жергілікті тұрғындарының мал жаяуы үшін 3524 гектар жер бөлінген.

Жайылымдардың негізгі пайдаланушылары ШҚО Күршім ауданы Күршім ауылдық округіне қарасты Күршім, Тептерек, Алғабас ауылдарының тұрғындары.

№ 3-кесте. Жер учаскесіне құқық белгілейтін және сәйкестендіру құжаттары негізінде меншік иелері мен жер пайдаланушылар туралы мәліметтер

P/c №	Меншік иелерінің, ж е р пайдаланушылардың атауы	БСН/ЖСН	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Жайылымдар алаңы, гектар
1	Абилтаева Гульжан Айтказиновна	730815400217	05-072-004-298	635.20
2	Адрышев Лайла		05-072-004-088	79.80
3	Айдарқанов Тұрсынбек Әнуарбекұлы	611116300368	05-072-027-199	300.00
4	Алханов Аргынқазы Мұслимұлы	700301302940	05-072-027-263	200.00
5	Ангишпаев Адылбек Кабдилашимұлы	580409301813	05-072-004-192	900.00
6	Аханов Ернар Мейрамбекулы	931111301771	05-072-004-238	900.00
7	Бадылханов Қайрат Бадылханұлы	641111301473	05-072-004-265	69.40
8	Байгунусов Жарқын Сайнулдаұлы	650106300196	05-072-004-115	200.00
9	Беков Болат	530920300130	05-072-004-022	88.60
10	Б е к о в ДаулетЗенолдаұлы	830212302705	05-072-040-001	125.00
11	Беков Мұраткелді Байтілеуұлы	600203301146	05-072-004-011	500.00
12	Беков Мұраткелді Байтілеуұлы	600203301146	05-072-004-084	125.00
13	Бекова Сауле Уалғалиевна	571101403872	05-072-004-225	218.00
14	Бердигожин Сайлаубек	460302300185	05-072-004-262	794.60
15	Бисолтанов Ермек Каукунович	570108300123	05-072-027-265	313.30
16	Долданов Калибек	550307301407	05-072-004-201	378.00
17	Дукетаев Ерболат Талгатбекович	730703301309	05-072-027-207	200.00
18	Дукетаев Ерлан Талгатбекович	741024302757	05-072-027-501	1739.00
19	Әсенов Нұрлан Өмірәліұлы	690821300283	05-072-027-158	700.00

20	Әсенов Нұрлан Өмірәліұлы	690821300283	05-072-027-210	500.00
21	Жакиянов Махат Заданович	721104300276	05-072-027-417	360.00
22	Журағатова Айнур Токтаркановна	680117400141	05-072-004-234	720.00
23	Жұмағұлов Ғалымбек Тұрсынғалиұлы	580401301909	05-072-027-212	360.00
24	Жұрағатов Бағдатхан Камалханұлы	730407302407	05-072-004-093	432.00
25	Жұрағатов Бағдатхан Камалханұлы	730407302407	05-072-004-103	393.00
26	Жылысов Бакытбек Қайролдаұлы	690719301524	05-072-027-245	230.00
27	И с а н о в а Шарипжамал	470315403009	05-072-027-464	101.40
28	Калиев Кайрат Саканович	580227301804	05-072-027-444	282.50
29	Капасов Сымбат Советканович	700330300902	05-072-027-500	652.40
30	Каратаев Шарипхан	520101301203	05-072-027-382	200.00
31	Каримбаев Жанбулат Рахимғалиұлы	641012301198	05-072-027-085	185.00
32	Касымкан Бакытбек Касымканұлы	800405301394	05-072-004-109	162.0
33	Катпанова Гульнара Кабдылашимовна	591102401885	05-072-004-119	432.00
34	Катпанова Зейнелзада Оразғалиевна	461203400215	05-072-004-082	819.90
35	Кенжеханов А д ы л к а н Назырханович	611220302934	05-072-004-324	168.50
36	Кенжекенов Бейбет Назырканович	670102302128	05-072-003-336	304.90
37	Кизатулдин Еркин	690621300117	05-072-004-335	170.00
38	Кусаинов Ербол Кыдырканович	770809302053	05-072-027-453	500.00
39	Кусметов Нурлыбек Рахметолдинович	591006300105	05-072-004-288	73.00
40	" Д и а с " шаруақожалығы (	650228302467		120.00

	басшысы Кутешов Бауыржан Еспосынұлы)		05-072-004-185	
41	Қадаролдинов Атымтай Қалықұлы	551118300266	05-072-027-391	100.00
42	Қадыролда Тлеухан Халықұлы	710520300676	05-072-027-506	819.40
43	Мамырбеков Құмарбек	400220300179	05-072-004-020	95.00
44	Муканов Самат Толеуханович	861123302096	05-072-004-329	448.70
45	Мундабекова Д и л ь д а Рахимбаевна	510618401625	05-072-004-013	145.80
46	Мухыдаутов Адилхан Байкенұлы	650717300607	05-072-004-066	99.80
47	Мухыдаутов А д ы л х а н Байкенович	650717300607	05-072-004-326	266.00
48	Мұканов Тлеукельды Садуұлы	681015302171	05-072-004-074	127.20
49	Мұканов Тлеукельды Садуұлы	681015302171	05-072-004-299	635.20
50	Мұқажанов Әділбек Нурсадықұлы	640315302993	05-072-027-034	167.00
51	Мұхамқдиев Қанат Ерназарұлы	730130301433	05-072-027-196	240.00
52	Нургазин Серикбек	540418301181	05-072-004-039	161.70
53	Оқасов Кұрманбек Қадылбекұлы	600610302701	05-072-027-312	699.60
54	Оразбекова Гульназ Ахметкалиевна	731208400295	05-072-004-302	208.50
55	Оразбекова Гульназ Ахметкалиевна	731208400295	05-072-004-341	280.00
56	Оспанова Сабила	500427401754	05-072-004-010	385.00
57	Рахимжанов Кайыргелди Меиргазинович	700729300337	05-072-027-208	420.00
58	Рахимов Сеитбек Коржинбаевич	560127300571	05-072-004-036	64.40
59	Рахимов Сеитбек Коржинбаевич	560127300571	05-072-004-124	900.00
60	Сағитжумартов Күпжасар Қалімғазынұлы	621019300987	05-072-004-323	273.00

61	Садуов Бауржан Оразбекович	720302302494	05-072-004-307	422.50
62	Сексембаев Айдар Ұатқанұлы	700217301202	05-072-004-116	366.00
63	"Тулпар" шаруа қожалығының (С Слямов Аскар Калибекович басшысы)	740819302220	05-072-004-130	1150.00
64	Сыдыков Миргалым Ожанович	631103300083	05-072-004-035	80.00
65	Сырымбаев Елтай Кәлімжанұлы	540101301198	05-072-004-021	86.40
66	"Біржан" (басшысы Таппаев Қайнолда)	390802300247	05-072-027-373	221.00
67	Тастамбеков Мұқитқан	550803301691	05-072-027-311	457.20
68	Тащанов Нурлан Абиљевич	641115300040	05-072-004-269	747.70
69	Тащанов Нурлан Абиљевич	641115300040	05-072-004-273	899.30
70	Тащанов Нурлан Абиљевич	641115300040	05-072-004-333	73.10
71	Т е л ь м а н ГулнурЕрланкызы	921228451055	05-072-004-311	50.00
72	ТлеубаевТоктарғож а	530509300215	05-072-004-027	75,13
73	Товарищество с ограниченной ответственностью "КАЙНАР-АЙДОС"	40540001697	05-072-004-169	500.00
74	Тунгатарова Гулнар Кабылкановна	661108401358	05-072-004-325	438.50
75	Тымбаев Жанболат Аимқашұлы	680130300979	05-072-027-156	240.00
76	Шағаланов Жанболат Рақимғазыұлы	620905302005	05-072-004-117	294.40
77	Шапатов Зада Букейханович	571111301110	05-072-004-161	580.00
78	Ш а р у а қожалығының (б ас шы сы Кизамадиев Париолла)	281210300863	05-072-027-379	110.00
79	Ш а р у а қожалығының (б	281210300863		164.00

	басшысы Кизамадиев Париолла)		05-072-027-380	
--	------------------------------------	--	----------------	--

№ 4-кесте. Жайылымдарды бөлу

Р/с№	Ауылдық округтің атауы	Әкімшілік -аумақтық объектілер жіктеуішінің коды	Елді мекеннің атауы	Ауыл шаруашылығы жануарлары үшін қажетті жайылым алаңы, мың гектар			Қоғамдық жайылымдар алаңы, мың гектар	Шалғайдағы жайылымдар алаңы, мың гектар
				Ірі қара мал	Ұсақ мал	Жылқылар		
1	2	3	4	5	6	7	9	10
1	Құйған ауылдық округі	635230000	Күршім ауылы	26,400	13,140	6,138	1,665	44,013
2		635230200	Топтерек ауылы	14,768	6,966	7,713	1,220	28,227
3		635230400	Алғабас ауылы	15,878	8,502	11,997	0,638	35,739
Барлығы:				57,046	28,608	25,848	3,524	107,979

Жоспар жайылымдарды ұтымды пайдалану, мал азығына деген қажеттілікті тұрақты қамтамасыз ету және жайылымдардың тозу процесінің алдын алу мақсатында қабылданды.

2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ШҚО Күршім ауданы Күршім ауылдық округінде халықтың жеке қосалқы шаруашылықтарында: ірі қара мал - 7606 бас, ұсақ мал - 19072 бас, оның ішінде қой - 17204 бас, ешкі - 1868 бас, жылқы - 2872 бас.

Күршім ауылында:

ірі қара мал - 3520 бас, ұсақ мал - 8760 бас, жылқы - 682 бас.

Күршім ауылының жайылым жері - 1665,3 гектар.

Топтерек ауылында:

ірі қара мал - 1969 бас, ұсақ мал - 4644 бас, жылқы - 857 бас.

Топтерек ауылының жайылым жері - 1220,4 гектар.

Алғабас ауылында:

ірі қара мал - 2117 бас, ұсақ мал - 5668 бас, жылқы - 1333 бас.

Алғабас ауылының жайылым жері - 638,0 гектар.

2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Күршім ауданы Күршім ауылдық округінде Ш/К мен ЖШС-ларда: ірі қара мал - 13765 бас, ұсақ мал - 28066 бас, жылқы - 5778 бас.

Күршім ауданы Күршім ауылдық округі бойынша ауыл шаруашылығы жануарларын қамтамасыз ету үшін 68395 гектар жайылымдық алқаптар бар.

Жергілікті халықтың басқа да ауыл шаруашылығы жануарларын жаю үшін 137716 гектар жайылымдық алқапқа қажеттілігі бар. Ірі қара малға жүктеме нормасы - 9,5 га/

бас, ұсақ малға - 1,9 га/бас, жылқыға - 11,4 га/бас (Алтай алды провинциясының дала аймағы мен округінде, Зайсан провинциясының оңтүстік бөлігінің шөлейт аймағында) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 3-3/332 "Жайылымдардың жалпы алаңына шекті жол берілетін жүктеме нормаларын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес белгіленген.

№ 5-кесте. Қосымша қажет етілетін жайылымдар

Р/с №	Босалқы жерлерден қажет етілетін қосымша жайылымдар, мың гектар	Қосымша берілетін жайылымдар	
		жа й ы л ы м пайдаланушыларға жер пайдалануға берілуі мүмкін жайылымдар, мың гектар	жеке ауладағы ауыл шаруашылығы жануарларын жаю бойынша халық м ұ қ т а ж ы н қанағаттандыру мақсатында резервке қойылуға тиіс жайылымдар, мың гектар
1.	181,567	181,567	137,716

Күршім ауданы
Күршім ауылдық округі
бойынша
2026-2030 жылдарға арналған
жайылымдарды басқару және
оларды
пайдалану жөніндегі Жоспарға
2-қосымша

1. ӨСІМДІК ЖАМЫЛҒЫСЫ

Өсімдік жамылғысы жер бедеріне, эдафикалық және климаттық жағдайларға сәйкес келеді.

Далалық зерттеу материалдары бойынша флоралық тізім 97 туысқа және 27 тұқымдасқа жататын 130 түрді құрайды.

Тұқымдастардағы түрлер саны бойынша басым: Күрделігүлділер - 24 түр, Астық тұқымдастар - 23 түр, Алабота тұқымдастар - 19 түр, Бұршақ тұқымдастар - 10 түр, Шатыршагүлділер - 6 түр, Лалагүлділер, Раушангүлділер және Ерінгүлділер - 5 түрден, Қарақұмық тұқымдастар мен Қалампыр тұқымдастар - 4 түрден, Қиякөлең тұқымдастар - 3 түр, Талдар, Орамжапырақ тұқымдастар, Қорғасыншөптер, Сабынкөктер және Бақажапырақ тұқымдастар - 2 түрден, қалған тұқымдастарда 1 түрден бар.

Өсімдік жамылғысында басымдық танытатындар (доминанттар) 20 түр. Түрлердің басым көпшілігі (117 түр - 94,3%) мал жайылымына жарамды, 7 түрі улы болып саналады, дәрілік түрлер - 16.

Өсімдік жамылғысының таралуында жер бедерінің элементтері маңызды рөл атқарады. Зерттеу нәтижесінде мекендеу жағдайлары мен өсімдік құрамына байланысты табиғи мал азықтық алқаптар жер бедерінің негізгі пішіндері шегінде

жүйеленді: биік таулы, орта таулы, аласа таулы және толқынды, төбелі-толқынды, әлсіз толқынды жазық, жазықтың ойпаң жерлері.

Жер пайдалану аумағындағы жоғарыда сипатталған барлық қауымдастықтар қазіргі уақытта жеке мал жаю үшін пайдаланылады.

2. НЕГІЗГІ МАЛ АЗЫҚТЫҚ, ЖЕМДІК ЕМЕС, УЛЫ ЖӘНЕ ДӘРІЛІК ӨСІМДІКТЕРДІҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ

2.1. Мал азықтық өсімдіктер

Түкті қауырсын (тырса) - биіктігі 50-80 см болатын көпжылдық, тығыз түпті, шым түзетін астық тұқымдас өсімдік. Көктемде көптеген ксерофильді астық тұқымдастарға қарағанда кеш көктейді, сондықтан қурауы да едәуір кеш жүреді. Басқа боз түрлеріне қарағанда жоғары өнім береді, ал масақтануға дейін орылған жағдайда бірінші шабындық массасының 50%-на дейін жапырақтардан тұратын көк шөп (отава) береді. Көктемде жапырақтарын жылқылар өте жақсы жейді және тез салмақ жинайды. Гүлдену кезеңінің соңынан бастап желінбейді дерлік. Ірі қара мал жылқыларға қарағанда сәл нашар жейді, қойлар мен ешкілер оны тек жас күйінде ғана қанағаттанарлықтай жейді. Күзгі отава өте нәзік және барлық мал түліктері жақсы жейді.

Сарептаның қауырсын шөптері (тырсиқ) — тығыз шым түзетін көпжылдық астық тұқымдас өсімдік. Генеративті өркендерінің биіктігі 40-80 см-ге жетеді. Мамыр-маусым айларында гүлдейді.

Көктемде жапырақтарын жылқылар сүйсініп жейді, емшектегі биелердің сүті артады. Бозды жайылымдарда жылқылар тез жазылады, қымыздың сапасы өте жақсы болады. Ірі қара мал бұл бозды сәл нашар жейді. Қойлар оны өсудің ерте фазаларында ғана қанағаттанарлықтай жейді, гүлдену және әсіресе жеміс беру фазасынан бастап олар үшін өте қауіпті.

Отавасы өте нәзік және барлық мал түліктері жақсы жейді. Жайылымда малдың жақсы салмақ қосуын қамтамасыз етеді.

Борозды бетеге (типчак) - биіктігі 30-60 см, тамыр түбі жапырақтары көп, қуатты тығыз шым түзетін көпжылдық, тығыз түпті астық тұқымдас өсімдік. Мамырдың аяғы-маусымда гүлдейді, гүлденуден кейін қурай бастайды және толық піскенде сары әрі дөрекі шөпке айналады. Жаздың ыстық кезеңінің бәрінде тыныштық күйде болады және көктемейді. Температура төмендеп, алғашқы жаңбыр жауған кезде көктемдегідей дерлік биіктікке дейін өсетін тамыр түбі жапырақтарының массасы пайда болады.

Жайылымда малдың барлық түрлері, әсіресе жылқылар тамаша жейді, тек түйелер ғана оны қанағаттанарлықтай жейді. Гүлденудің басынан бастап және әсіресе пісу фазасында нашар жейді, ал жазда тек тамыр түбі жапырақтары ғана желінеді.

Жіңішке қылтықбас - сабағы жалаң, тегіс, биіктігі 50-120 см болатын көпжылдық астық тұқымдас өсімдік. Жапырақ қынаптары тегіс, тілшесі ұзындығы 8 мм-ге дейін.

Жапырақтары ені 7 мм-ге дейін, кейде бүктелген. Масағы ұзындығы 10-30 см. Маусым-қыркүйек айларында гүлдейді.

Дөрекі жемшөп. Жайылымда мал түліктері, негізінен жылқылар мен ірі қара мал, ерте фазаларда азды-көпті қанағаттанарлықтай жейді. Өте тез іріленеді (дөрекіленеді), сондықтан масақ шығарғанға дейін пішенге дайындау қажет.

Бұталы қараған - биіктігі 0,5-2 м, қабығы қою, жасыл-сұр немесе сары-сұр түсті, тік өркенді және бұтақты, әлсіз тікенді бұта. Гүлдері ашық-сары. Мамыр-шілде айларында гүлдейді, шілде-қыркүйекте жеміс береді. Жайылымда жапырақтары мен жас өркендерін ірі қара мал мен қойлар жейді. Жапырақтануы жақсы, ал қалың өскен жерлердегі бұтақтары, әсіресе өсімдік жыл сайын шабылатын жерлерде, жіңішке, шыбық тәрізді болады. Мұндай жайылымдарда кейде күзге дейін дерлік жақсы жейді. Жапырақтары мен гүлдерінде протеин көп болады.

Аласа бойлы қараған - биіктігі 20-60 см, қабығы қою сұр-жасыл немесе қоңыр-жасыл түсті, бұтақты, аласа бұта.

Гүлдері жұмыртқаның сарысындай сары. Маусым-шілде айларында гүлдейді, тамызда жеміс береді. Жиі кездеседі, кейде кең алқапты алып жатқан қалың бұталы өсімдік түзеді. Жайылымда жапырақшалары, гүлдері және жіңішке жас бұтақшалары қанағаттанарлықтай желінеді.

Қысқы жайылымдарда белгілі бір маңызға ие. Қоректілігі бойынша сапасы төмен пішенге теңестіріледі.

Ақ алабота (көкпек) - жатаған, қысқа, сүректенген бұтақтары бар, биіктігі 20-50 см болатын жартылай бұта. Біржылдық өркендерінің биіктігі 15-30 см. Жапырақтары кезектесіп орналасқан, жуандау, ұзындығы 0,5-3 см, ені 0,2-0,7 см, сопақша-жұмыртқа тәрізді, ұшында доғал. Жапырақ қолтықтарында майда жапырақтары бар қысқарған өркендер болады. Гүлдері бұралқы-масақ тәрізді гүлшоғырына жиналған. Шілде-қыркүйек айларында гүлдеп, жеміс береді. Жайылымда гүлдену фазасынан бастап, күзде жеміс бергеннен кейін және қыста түйелер жақсы жейді, қойлар мен жылқылар қанағаттанарлықтай жейді. Қойлар мен түйелер үшін күзде және қыста семіртуші жемшөп болып табылады. Ерте көктемде жылқылар өткен жылғы бұтақшаларды сүйсініп жейді. Химиялық талдау мәліметтері бойынша, протеинді салыстырмалы түрде көп, ал клетчатканы аз мөлшерде қамтиды, бірақ ерте фазаларда барлық қоректік заттардың сіңімділік коэффициенті өте төмен, тиісінше бұл кезеңде қоректілігі де төмен (40 азық өлшемінен төмен). Жеміс беру фазасынан бастап клетчатка мен БЭЗ-дың сіңімділігі айтарлықтай артады, сондықтан күзде жалпы қоректілігі жазға және көктемге қарағанда жоғары болады. Жапырақтарында органикалық қышқылдар бар. Малдың тәбетін ашады.

Нағыз іргетік - сабағы төрт қырлы, тік, кейде қысқа бұтақты, биіктігі 30-125 см, әлсіз түкті, көпжылдық шөптесін өсімдік. Жапырақтары бұралқыда 6-15-тен, жіп тәрізді дерлік, шеттері төмен қарай иілген, үшкір, гүл маңы жапырақтары бұралқыда 4-

5-тен, ең жоғарғылары жұп немесе дара. Ашық-сары гүлдер сыпыртқы гүлшоғырына жиналған.

Маусым-тамыз айларында гүлдейді, шілде-қыркүйекте жеміс береді.

Жайылымдарда желінуі аса құнды өсімдіктердің болуына байланысты, бірақ астық тұқымдастар қурай бастағанда ол толығымен дерлік желінеді. Барлығынан жақсы қойлар мен жылқылар жейді, сәуірден тамызға дейін оның генеративті және вегетативті өркендері бақылауда болған барлық өсімдіктердің 90%-ына дейін желінді.

Ерте фазаларда протеинді көп және клетчатканы аз мөлшерде қамтиды, бұл кезде қоректілігі сапалы пішеннен кем емес. Жайылғаннан кейін жақсы қайта өседі. Жайылымға аса төзімді емес.

Қарама-қарсы жапырақты петросимония - қоңыр түсті, тік, бұтақты, биіктігі 10-40 см болатын біржылдық шөптесін өсімдік. Бұтақтары мен төменгі жапырақтары қарама-қарсы орналасқан, жоғарғылары кезектескен, бастапқыда түкті, кейін жалаң болады.

Жапырақтары таспа тәрізді-білеуленген, етті, негізіне қарай кеңейген. Шілде-қыркүйек айларында гүлдейді. Күзде және қыста қойлар мен түйелер жақсы жейді. Қоректілігі орташа сапалы шалғындық пішеннен кем емес.

Жалаң мия (қызыл мия) - көпжылдық, тамырсабақты, тамыр өркенді, биіктігі 30-80 см және одан да жоғары, сабағы тік, мықты, жай немесе бұтақты шөптесін өсімдік. Жапырақтары ұзындығы 5-20 см, 3-10 жұпты, жапырақшалары ұзынша-жұмыртқа тәріздіден қандауыр тәріздіге дейін. Гүлдері ақшыл-күлгін, сирек шашақ гүлшоғырына жиналған.

Мамыр-маусым айларында гүлдейді, шілде-тамызда жеміс береді.

Көк мия құрамында илік заттардың, сондай-ақ бүкіл өсімдікті жабатын жабысқақ зат - камедь ("балды шық") болуына байланысты нашар желінеді. Жайылымдық шөптесіннің аздығынан ол толық қанағаттанарлықтай, ал кейде тіпті жақсы да желінеді (одан да жақсы өсімдіктер болмаған жағдайда). Бүршіктенуге дейін дайындалған және жақсы кептірілген (жапырақшаларын сақтай отырып) пішенде толық қанағаттанарлықтай желінеді. Басқа өсімдіктермен бірге сүрлем дайындау үшін қолданылады.

Шайқурай жапырақты тобылғы - биіктігі 150 см-ге дейін, қоңыр шыбық тәрізді бұтақтарында көптеген шатырша гүлдері бар бұта. Жапырақтары ұсақ, жас кезінде түкті, кері-жұмыртқа тәрізді. Гүлшоғыры - отырыңқы шатыршада 4-10 гүлден. Сәуір-мамырда гүлдейді, маусымда жеміс береді. Жайылымда жапырақтары мен жас өркендерін қойлар мен ешкілер сүйсініп жейді. Қалған мал түліктері нашар жейді. Ерте сатыларында протеин, май көп және клетчатка онша көп емес, ал қоректілігі жақсы бұршақ тұқымдас пішеннен кем емес. Құрамында С дәрумені, ароматты заттар бар.

Кәдімгі мыңжапырақ - көпжылдық, түкті, жіңішке, жылжымалы, бұтақты тамырсабақты және санаулы тік немесе әлсіз иілген, кейде жоғарғы жағында

бұтақтанған, биіктігі 5-60 см сабақтары бар шөптесін өсімдік. Жапырақтары таспа тәрізді дерлік, ұзындығы 10-40 см, ені 0,8-5 см, екі немесе үш рет қауырсынды тілімденген. Гүлдері ақ, қоңыр немесе қызыл, көптеген күрделі қалқаншаларда себеттері бар.

Орман, орманды дала және дала аймақтарында, тау белдеулерінде шалғындарда, таулардың далалы және шалғынды беткейлерінде, тыңайған жерлерде кездеседі. Шілде-қазан айларында гүлдейді.

Құнарсыз топырақтарда жақсы дамиды және жайылымға төзімді. Сондықтан мал шектен тыс көп жайылған жайылымдарда әсіресе қаулап өседі. Жайылымда көктемнен бастап малдың барлық түрлері толық қанағаттанарлықтай, тіпті жақсы жейді, жазда орташа жейді. Пішенге аздап қосылғанда мал жақсы жейді. Ерте фазаларда протеинді жеткілікті көп және клетчатканы аз мөлшерде қамтиды, қоректілігі жоғары. Сүттің дәмін жақсартады, сүт көбейтетін қасиеті бар. Жоңышқа егістігінде мал жайғанда тимпаниттің (кебудің) алдын алады. Иісі жусанды еске түсіретін күшті, ал дәмі ащы, тұтқыр болады.

Аустрия жусаны - биіктігі 60 см-ге дейін, сабағы тік, санаулы немесе дара, бұтақты және жапырақтылығы жақсы, тамырсабағы жіңішке, бұтақты, сүректенген көпжылдық шөптесін өсімдік. Шілде-қыркүйек айларында гүлдейді.

Жайылымда жазда нашар жейді немесе мүлдем жемейді. Кейде жазда қуаңшылық кезінде толық қанағаттанарлықтай жейді. Күзде және қыста түйелер мен қойлар толық қанағаттанарлықтай жейді, ал жылқылар мен ірі қара мал аз мөлшерде жейді. Астық тұқымдас пішенге Аустрия жусанын аздап қосу оның желінуін жақсартады.

Жіңішке жусан - тамыры жуан, көп басты, сүректенген, көптеген қысқарған вегетативті және жіңішке, жоғарғы жағында бұтақтанған, биіктігі 15-30 см генеративті өркендер беретін көпжылдық өсімдік. Төменгі жапырақтары қысқа сағақты, ұзынша, ұзындығы 1-2 см, ені 1 см-ге дейін, екі немесе үш рет қауырсынды тілімденген, қалған жапырақтары отырыңқы, аз тілімденген. Гүлдері сары. Тамыз-қыркүйек айларында гүлдейді.

Лессинг жусаны - тамыры сүректенген, көп басты және көптеген вегетативті (қысқарған) және жоғарғы жағында бұтақтанған генеративті сабақтары (биіктігі 45 см-ге дейін) бар, биік, тығыз шым түзетін көпжылдық өсімдік. Қыркүйек-қазан айларында гүлдейді. Мал азықтық тұрғыдан аз зерттелген. Әдеби деректер бойынша, күзде және қыста қойлар мен жылқылар толық қанағаттанарлықтай жейді. Геоботаниктердің бақылаулары бойынша, жайылымда көктемде, жазда және күзде малдың барлық түрлері қанағаттанарлықтай жейді. Ерте фазаларда протеинді көп, клетчатканы аз мөлшерде қамтиды.

Жылтыр ши - биіктігі 250 см-ге жететін, сабағы мықты, көпжылдық, ірі шым түзетін астық тұқымдас өсімдік. Мамыр-шілде айларында гүлдейді.

Дөрекі, жапырақтары қатты бұдырлы өсімдік. Әртүрлі топырақтарда кездеседі, бірақ ылғалдылығы жоғары жерлерде, кейде қалың өскен ши алқаптарын құрайды. Шидің шоғырлануына қарап құдық қазатын орынды анықтайды. Жайылымда масақтануға дейін ғана сүйсініп жейді, кейін ол өте дөрекіленеді. Шидің отавасын жазда да сүйсініп жейді. Егер масақтануға дейін орылса, пішенде жақсы жейді, ал кешіктіріп орылған жағдайда тек жапырақтары ғана желінеді. Қысқы жайылымдарда ерекше маңызға ие, өйткені биік ши түптерін қар басып қалмайды. Орташа сапалы мал азықтық өсімдіктерге жатады. Мал жейді, бірақ жоңышқа пішеніне қарағанда сәл нашар.

2.2. Нашар желінетін және желінбейтін өсімдіктер

Гмелин кермегі (томарбояу) - көпжылдық, түксіз, жуан, сүректенген, бұжыр тамырлы және қысқарған сабақты, оның жер асты бөлігі көлденең тыртықты, ал жоғарғы бөлігінде бірнеше жұп бұтақтары бар шөптесін өсімдік. Тамыр түбіндегі жапырақтары үзілген жері қызарады, ұзындығы 4-40 см, ені 2-10 см, кері-жұмыртқа тәрізді, доғалданған. Гүлдері ұсақ, 1-4 гүлді масақшаларда, жоғарғы жағында бұтақтанған гүлсағақтарында. Шілде-қыркүйек айларында гүлдейді, тамыз-қыркүйекте жеміс береді. Бүкіл Қазақстан бойынша сортаң шалғындарда, кейде ылғалды сорларда, сор көлдердің шеттерінде, сазды теңіз жағалауларында, өзен аңғарларындағы сортаң ойпаңдарда және сирек су басатын сортаң жайылмаларда кездеседі.

Көктемде, жазда және күзде жайылымдарда түйелер қанағаттанарлықтай жейді, қойлар нашар жейді, қалған мал түліктері жемейді дерлік. Ерте фазаларда протеинді көп және клетчатканы аз мөлшерде қамтиды және жеткілікті жоғары қоректілікке ие, бірақ қураған өсімдіктерде ол күрт төмендейді.

Ақ шеңгел - қабығы қоңыр-қоңыр түсті, биіктігі 50-200 см, қатты тікенді бұта. Жапырақтары жұп қауырсынды, тікенмен аяқталады, 1-5 жұп жапырақшалары бар, ұзынша-кері жұмыртқа тәрізді. Гүлдері қоңыр, сирек ақ.

Мамыр-маусым айларында гүлдейді.

Мал нашар жейді. Күзде және қыста түйелер мен қойлар жемістері мен жерге түскен жапырақтарын жейді.

2.3. Улы өсімдіктер

Түлкіқұйрық брунец - биіктігі 55-70 см көпжылдық өсімдік. Тұқымында және бүкіл өсімдігінде улы алкалоидтар табылған. Құрғақ өсімдіктен жасалған дуст (ұнтақ) күшті инсектицидтік қасиеттерге ие, бірақ уыттылығы анабазиннен әлсіздеу. Брунецтен жасалған препараттар тыныс алуды қоздырады.

Шашақбас аққаңбақ - тамыры жуан, сабағы тік немесе көтеріңкі, бұтақты, биіктігі 40-100 см, кейде шар тәрізді бұта түзетін көпжылдық шөптесін өсімдік. Төменгі

жапырақтары ерте солып қалады, ортаңғылары қандауыр тәрізді, ұзындығы 2-5 см, ені 2,5-8 см, ұзын үшкірленген, қолтықтарында вегетативті жапырақты өркендері бар. Гүлдері ақ, жайылма сыпыртқы гүлшоғырында. Маусым-шілде айларында гүлдейді. Қазақстанның барлық аудандарында кездеседі. Тамырында мал үшін улы болып табылатын көп мөлшерде сапониндер бар - олар ауыз қуысының шырышты қабығының қабынуын тудырады.

Кәдімгі адыраспан - көпбасты тамырлы және көптеген тік, бұтақты сабақтары бар, биіктігі 20-60 см көпжылдық шөптесін өсімдік. Мамырдан шілдеге дейін гүлдейді, шілде-тамызда жеміс береді.

Улы өсімдік және көк күйінде желінбейді. Күзде және қыста, жем-шөп тапшы кезде, қойлар мен түйелер жейді.

2.4. Дәрілік өсімдіктер

Гмелин кермегі - көпжылдық шөптесін өсімдік. Шілде-қыркүйек айларында гүлдейді, тамыз-қыркүйекте жеміс береді. Тамырында 25%-ға дейін илік заттар бар. Өнеркәсіптік мақсаттар үшін сортаң топырақтарда мәдени түрде өсіруге ұсынылады. Медицинада тұтқыр және қан тоқтататын дәрі ретінде, сондай-ақ асқазан-ішек ауруларына қарсы қолданылады.

Жақсы балды өсімдік, бірақ балының сапасы төмен.

Үлкен жолжелкен - жай, жапырақсыз, биіктігі 15-30 см сабағы және қысқа, көптеген шашақ тамырлары бар көпжылдық шөптесін өсімдік. Гүлдері ұсақ, қоңырлау. Маусым-тамыз айларында гүлдейді. Бақажапырақтың жапырақтарында аукубин гликозиді, А, С және К дәрумендері, холин, аденин, полисахаридтер, сапониндер, органикалық қышқылдар және тағыда басқа бар. Бақажапырақ жапырақтары қақырық түсіретін, қабынуға қарсы және микробқа қарсы дәрі ретінде ұсынылады.

Нағыз қызылбояу - бұтақты тамырсабақты және тік, бұтақты, биіктігі 15-80 см сабақтары бар көпжылдық өсімдік. Гүлдері ұзын, тығыз сыпыртқы гүлшоғырында, ашық-сары, бал иісті. Маусымнан қыркүйекке дейін гүлдейді. Жапырақтары, гүлдері және жапырақтарынан сығылған шырыны халықтық емдеу тәжірибесінде әртүрлі қолданысқа ие.

Кәдімгі мыңжапырақ - биіктігі 70 см-ге дейін жететін көпжылдық шөптесін өсімдік. Маусымнан жаздың соңына дейін гүлдейді. Шөбі мен гүлшоғырында эфир майы, фитонцидтер, органикалық қышқылдар, тұтқыр және басқа да заттар бар. Мыңжапырақ шөбі қабынуға қарсы, бактерицидтік, қан тоқтататын, ашытуға қарсы, спазмолитикалық және жара жазатын әсерге ие.

Дәрілік қандауыршөп - қырлы, жоғарғы жағында бұтақты, биіктігі 20-100 см сабағы бар көпжылдық шөптесін тамырсабақты өсімдік. Маусым-тамыз айларында гүлдейді. Тамырында 16-17%-ға дейін илік заттар, эфир майы, қымыздық қышқылды кальций, крахмал, бояғыш заттар бар. Халықтық медицинада қан кетуге, тышқаққа қарсы

қолданылған. Қазіргі уақытта да медицинада, халықтық медицинада – қатерлі ісіктерге, тері ауруларына, гомеопатияда – өкпе ауруларында, гинекологияда, диареяда гемостатикалық дәрі ретінде, жара жазатын, антигельминтті, асқазан-ішек ауруларына қарсы қолданылады.

Жалаң мия - биіктігі 110 см-ге дейін жететін көпжылдық шөптесін өсімдік. Өсімдікте алкалоидтар, кумариндер, илік заттар, флавоноидтар, эфир майы, С дәрумені бар. Ресми, сондай-ақ халықтық медицинада жоғарғы тыныс жолдарының ауруларында, қабынуға қарсы дәрі ретінде, диуретикалық және іш жүргізетін жинақтардың, асқазан мен он екі елі ішектің ойық жарасын емдеуге арналған препараттардың, бүйрек үсті безінің қыртысына әсер ететін, бронх демікпесінде, аллергиялық дерматиттерде, экземада және тағыда басқа қолданылатын препараттардың құрамына кіреді.

Кәдімгі бақбақ - биіктігі шамамен 30 см көпжылдық шөптесін өсімдік. Тамыры кіндік, жуан, ұзындығы 20-60 см. Жапырақтары тамыр түбіндегі шоғырда, жалаң, үшбұрышты бөліктері бар. Гүлдері алтын-сары түсті. Мамырдың басынан қыркүйекке дейін гүлдейді. Тамыры, сирек жапырақтары қолданылады. Өсімдіктің тамыры мен шөбі ащы дәм ретінде тәбетті ашады және асқазан-ішек жолдарының жұмысын жақсартады, атониялық іш қатуда өт айдайтын және жеңіл іш жүргізетін әсерге ие. Өсімдік тамырлары асқазан және зәр айдайтын жинақтардың құрамына кіреді.

Түлкіқұйрық брунец - биіктігі 40-100 см көпжылдық өсімдік. Дәрілік шикізат – шөбі. Оның құрамында 30%-ға дейін алкалоидтар бар. Шеткі тамырлардың түйілуінде, бұлшықет дистрофиясында, созылмалы экземаны емдеуде қолданылады.

2.5. Табиғи мал азықтық алқаптар

Табиғи жағдайлары мен өсімдік жамылғысының сипаты бойынша Күршім ауылдық округінің аумағы шөлейт белдемге жатады. Мұнда шөлді және тасты дала өсімдіктерінің түрлері кең таралған, мысалы, жіңішке бөлікті жусан, ақшыл жусан, көкпек, бүйіргін, тасбүйіргін, боз түрлері – қылтанақты боз, сарепт бозы, Лессинг бозы, бетеге.

Шалғындық астық тұқымдастар мен әртүрлі шөптер аз таралған. Өсімдік жамылғысының таралуы айқын белдемділікке ие. Ең оңтүстік шетінде, қоңыр сортаң топырақтарда және қоңыр сорларда негізінен сораңшөпті жайылымдар (бүйіргінді, тасбүйіргінді және көкпекті) таралған. Округ аумағының ортаңғы бөлігінде, қоңыр және ашық-қоңыр топырақты төбелі жазықта жусандықтар, боздықтар (негізінен жусан : жіңішке бөлікті, ақшыл, боздардан - қылтанақты) кең таралған. Солтүстік-шығыс таулы бөлігінде, таулы ашық-қоңыр топырақтарда қылтанақты боз бен бетегелі жайылымдар, негізінен тегістелген және беткейлік учаскелерде таралған. Сай-жыраларда бұталар кездеседі. Аумақтың солтүстік-батыс бөлігінде жылтыр ши басым шалғындық өсімдік жамылғысы байқалады.

Округтің бүкіл аумағы негізінен жайылымдардан тұрады. Шабындықтар мен егістік жерлер шағын бөлігін алып жатыр.

Күршім өзенінің аңғары бойында шағын тоғайлар түрінде көктерек, терек, тал және кейбір бұталар өседі.

Өзендер мен бұлақтардың аңғарларында, көл маңы ойпандарында, жер бедерінің депрессияларында, жақын жатқан жер асты суларына байланысты, осы сулардың минералдану дәрежесіне қарай, астық тұқымдасты, шилі және еркекшөпті жайылымдар мен шабындықтар, сондай-ақ сораңшөпті: сарсазанды, көкпекті және басқа да жайылымдар таралған. Олар шалғынды-қоңыр сортаң саздақты топырақтарда, шалғынды-қоңыр сорларда және шалғындық сортаңдарда қалыптасады. Астық тұқымдастардан: жатаған бидайық, еркекшөп, ажрек және қамыс басым. Өте ылғалды учаскелерде қиякөлең мен қамыс өседі.

Далалық зерттеу материалдары бойынша флоралық тізім 97 туысқа және 27 тұқымдасқа жататын 130 түрді құрайды.

Тұқымдастардағы түрлер саны бойынша басым: Күрделігүлділер - 24 түр, Астық тұқымдастар - 23 түр, Алабота тұқымдастар - 19 түр, Бұршақ тұқымдастар - 10 түр, Шатыршагүлділер - 6 түр, Лалагүлділер, Раушангүлділер және Ерінгүлділер - 5 түрден, Қаракұмық тұқымдастар мен Қалампыр тұқымдастар - 4 түрден, Қиякөлең тұқымдастар - 3 түр, Талдар, Орамжапырақ тұқымдастар, Қорғасыншөптер, Сабынкөктер және Бақажапырақ тұқымдастар - 2 түрден, қалған тұқымдастарда 1 түрден бар.

Өсімдік жамылғысында басымдық танытатындар (доминанттар) 20 түр.

Түрлердің басым көпшілігі (117 түр – 94,3%) мал жайылымына жарамды, 7 түрі улы болып саналады, дәрілік түрлер – 16.

1980 жылғы және 2022 жылғы геоботаникалық зерттеу карталарын салыстыру кезінде алынған деректерді келтірейік.

Бұрын Күршім ауылдық округінде геоботаникалық зерттеу 1980 жылы жүргізілген болатын. 1981 жылғы зерттеу кезінде аумақтың жалпы ауданы 70103 га құрады. Қазіргі уақытта зерттеу ауданы 107534 га құрайды. Ауылдық округ аумағының ұлғаюы Негізгі учаскенің солтүстік-шығыс жағынан шекарасының өзгеруімен ("Высокогорский" кеңшары аумағының бір бөлігі қосылды) орын алды.

2022 жылы жайылымдар ауданы - 71919 га, ал 1981 жылғы зерттеуде - 36815 га құрайды.

Күршім ауылдық округінің солтүстік бөлігінде шалғындық топырақтарда ерекше өзгерістер болған жоқ, мұнда да бұрынғыдай астық тұқымдасты (жылтыр ши, жатаған бидайық, тар еркекшөп), әртүрлі шөпті (жалаң мия, шалғындық беде), арамшөпті (ұсақ жемісті сүттіген, сібір сарыандызы, түлкіқұйрық брунец) шабындықтар мен жайылымдар басым. 1981 жылғы зерттеуде шабындық алқаптар 3472 га алып жатса, қазіргі уақытта 3430 га.

1981 жылғы зерттеуде ауылдық округтің солтүстік-батыс және батыс бөліктеріндегі үлкен аумақтар егістіктерге жатқызылған, қазіргі уақытта бұл учаскелер сақталған, тек кейбіреулері жайылымға айналып, бетеге (типчак), жіңішке бөлікті жусан басым шымды-астық тұқымдасты және жусанды қауымдастықтармен, сирек бұталы жайылымдармен алмастырылған.

Орталық және шығыс таулы бөлігінде бұрын боздықтар басым болса, қазір бетегелі жайылымдар үстемдік етеді. Ауылдық округтің орталық жазық бөлігінде жіңішке бөлікті, ақшыл және суық жусан басым жусанды жайылымдар өзгермеген. Сораңшөпті жайылымдар жусандықтардың және тырса басқан жайылымдардың үстемдік етуі есебінен қысқарған.

1981 жылғы зерттеуде Күршім ауылдық округінің оңтүстік және оңтүстік-шығыс бөлігін жұмсақ сабақты астық тұқымдастар (бидайық, арпа және көкшалғын) басым шалғындық жайылымдар алып жатса, қазіргі уақытта мұнда ірі сабақты астық тұқымдастар (қамыс және ши) басым топтар үстемдік етеді.

Бүйіргін, тасбүйіргін, көкпек және сарсазан басым сораңшөпті жайылымдар қазіргі уақытта сақталған және тек кей жерлерде доминанттар мен субдоминанттар ретінде контурларда алмасқан.

Тұтастай алғанда, Күршім ауылдық округінің аумағында өсімдік жамылғысында далалық және таулық шөптесіндердің айтарлықтай жақсаруы байқалады, бұл ретте сораңшөптер басым күзгі жайылымдар сақталған.

1981 және 2022 жылдардағы зерттеулердің мәдени-техникалық жай-күйін салыстыру кезінде мынадай өзгерістер анықталды: 1981 жылы таза жайылымдар ауданы – 89997 га (85,1%), бұта басқан – 9943 га (9,4%), тапталған – 1223 га (1,2%), арамшөп басқан – 1131 га (1,1%) болса; 2022 жылғы зерттеуде таза жайылымдар ауданы 14599 га (55,3%), бұта басқан – 22690 га (11,1%), тапталған – 12708 га (2,5%), арамшөп басқан – 7105 га (7,8%), тырса басқан – 21988 га (23,4%) құрады. Тапталған жайылымдардың ұлғаюы малды шектен тыс жаюды көрсетеді, нәтижесінде деградацияға ұшыраған (тапталған және арамшөп басқан) жайылымдар пайда болды.

Жайылымдық жүктемені азайту және арамшөптермен күрес жөнінде іс-шаралар жүргізу ұсынылады. Тырса басқан жайылымдардың ұлғаюы 1980 жылы аумақтың орталық бөлігі егістік ретінде пайдаланылса, 2022 жылы бұл учаскелер қылтанақты боз (тырса) басым жайылымдармен алмастырылғанымен түсіндіріледі.

Қазақстан Республикасының табиғи мал азықтық алқаптарының жіктемесіне сәйкес, зерттеу шекарасындағы табиғи мал азықтық алқаптар күңгірт-қоңыр, нашар дамыған және толық дамымаған топырақтардағы аласа таулы далалық жайылымдармен, ашық-қоңыр нашар дамыған және толық дамымаған топырақтармен; шалғынды ашық-қоңыр сортаңдау және шалғындық сортаңдардағы ойпаңды шалғындық жайылымдармен; кәдімгі ашық-қоңыр, толық дамымаған және нашар дамыған, кәдімгі қоңыр және толық дамымаған топырақтардағы тау етегіндегі жайылымдармен;

